

*Б.Қ. Әбдігұлова\*<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, академик Т.С.Садықов атындағы кафедра  
п.ғ.д., профессор*

*Алматы қ., Қазақстан, E-mail: baglan 5577@mail.ru*

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ БОЙЫНА ОТАНСҮЙГІШТІК, ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

### *Аңдатпа*

Мақала студенттерде отансүйгіштік, толеранттылық қасиеттерді қалыптастыруды зерделеуге арналған. Мақалада патриотизм-Отанға деген сүйіспеншіліктің маңызы ашып көрсетіледі. Ғалымдардың толеранттылық ұғымын саралау барысындағы басты тұжырымы: адамдар арасында өзара төзімділік, сыйластықтық, сабырлылық, түсіністіктік мағынасын білдіреді. Білім алушылардың бойына отаншылдық, толеранттылық қасиеттерді баулуда отбасы, оқу орындары, еңбек ұжымы, БАҚ және мемлекеттің орны ерекше. Жастардың бойында жоғары патриоттық сананы қалыптастыруда және толеранттылыққа тәрбиелеуде ЖОО-нда оқытылатын Қазақстан тарихы курсының тәрбиелік-танымдық маңызы зор екені негізделеді. Аталмыш курстың мазмұнын терең меңгеру, жастарға елжандылық, толеранттылықтың негізгі қағидаттары, мазмұны мен мәнін жан-жақты таныстыру, қоғамның білім беруге қойылатын жаңа талаптарын түсінуге ықпал етеді.

Мақалада ұлттық бірлік пен тұрақтылық – еліміздің стратегиясының басым бағытының бірі екенін ашып көрсету арқылы студенттерге сапалы білім берудегі, оқыту үрдісінде жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдаланудың мүмкіндіктері қарастырылады. Қазақстанның дамуындағы жаңа кезеңдегі білім беру жүйесін жаңғыртудың басты бағыттың бірі отаншылдық мен төзімділік екендігі талқыланады.

**Кілт сөздер:** тәуелсіз мемлекет, патриотизм, қазақстандық патриотизм, мораль, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, жастар саясаты, білім беру ісінің инновациялық дамуы

*Абдугулова Б.Қ. \*<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> д.п.н., профессор, кафедра «История Казахстана» Институт Истории и право при  
КазНПУ им. Абая*

*г. Алматы, Казахстан, E-mail: baglan 5577@mail.ru*

## **ФОРМИРОВАНИЕ У СТУДЕНТОВ ЧУВСТВА ПАТРИОТИЗМА И ТОЛЕРАНТНОСТИ**

### *Аннотация*

Статья посвящена изучению формированию у студентов патриотических, толерантных качеств. В статье раскрывается значение патриотизма - любви к Родине. Основной вывод ученых при определении понятия толерантности: взаимная терпимость, уважение, спокойствие, взаимопонимание между людьми. Особое место в воспитании у обучающихся патриотических, толерантных качеств отводится семье, учебным заведениям, трудовому коллективу, СМИ и государству. Обосновывается большое воспитательно-познавательное значение в формировании у молодежи высокого патриотического сознания и воспитании толерантности изучения курса истории Казахстана в вузах. Глубокое усвоение содержания данного курса, всестороннее ознакомление молодежи с основными принципами, содержанием и смыслом патриотизма, толерантности, способствует пониманию новых требований общества к образованию.

В статье рассматриваются возможности качественного образования студентов, использования инновационных методов и приемов в процессе обучения. В данной статье рассматриваются вопросы межнациональных отношений, согласия и стабильности как один важнейших стратегических направлений нашего государства. Особо подчеркивается, что одним из основных направлений модернизации системы образования на новом этапе развития Казахстана - патриотизм и толерантность.

**Ключевые слова:** независимое государство, патриотизм, казахстанский патриотизм, мораль, межнациональное согласие и толерантность, уважение прав и свобод человека, молодежная политика, инновационное развитие образования

*Abdugulova B.K.\*<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> d.p.s., professor, Department of "History of Kazakhstan" Institute of History and Law at KazNPU  
named after Abay*

*Almaty, Kazakhstan, E-mail: baglan 5577@mail.ru*

## **FORMATION OF PATRIOTIC, TOLERANT QUALITIES AMONG STUDENTS**

### *Annotation*

The article is devoted to the study of the formation of patriotic, tolerant qualities in students. The article reveals the meaning of patriotism - love for the Motherland. The main conclusion of scientists in differentiating the concept of tolerance: mutual tolerance, respect, calmness, mutual understanding between people. A special place in the education of students of patriotic, tolerant qualities is given to the family, educational institutions, the workforce, the media and the state. The author substantiates the great educational and cognitive importance in the formation of a high patriotic consciousness among young people and the education of tolerance of the course of history of Kazakhstan taught in universities. Deep assimilation of the content of this course, comprehensive familiarization of young people with the basic principles, content and meaning of patriotism, tolerance, contributes to understanding the new requirements of society for education.

The article examines the possibilities of high-quality education of students, the use of innovative methods and techniques in the learning process, revealing that national unity and stability is one of the priorities of the country's strategy. It is discussed that one of the main directions of modernization of the education system at the new stage of development of Kazakhstan is patriotism and tolerance.

**Keywords:** independent state, patriotism, Kazakhstani patriotism, morality, interethnic harmony and tolerance, respect for human rights and freedoms, youth policy, innovative development of education

Тәуелсіз Қазақстанның тарихы–бұл тұтастық пен бірліктің тарихы. Тәуелсіздік жылдарында біз шыңдалып, рухани тұрғыдан беки түстік. Туған жер тарихын, ата-бабаларымыздың батырлық, ерлік дәстүрі, тыныс-тіршіліктерін Қазақстан тарихынан оқып білеміз. Өнеге алып, болашағымызды болжаймыз, қателіктерін қайталамауға тырысамыз.

Жастар–елдің келешегі. Қазіргі жастардың білімділігі, отаншылдығы, этносаралық келісім мен төзушілік қасиеті болашақта ел тағдырын айқындайтыны белгілі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» және басқа да құжаттарда қазақстандық патриотизмге, толеранттылыққа тәрбиелеу білім беру жүйесінің негізгі міндеттері екендігі баса айтылған.

Елді жаңғыртудың басты нысананың бірі сапалы білімге қолжеткізу, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау болып табылады.

Кредиттік технологияны оқу үрдісіне енгізу студенттерді әр пән бойынша негізгі және қосымша әдебиеттермен, баспасөз материалдармен, ақпараттық және қашықтан оқыту технологиясы көздерімен, электронды оқулықпен, интернетпен, оқу-әдістемелік кешендермен және кәсіби білікті профессорлық-оқытушылар құрамымен қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұл жүйе студенттердің білім сапасын арттыруға, өздігінше білім алуға, алған теориялық білімдерін өмірлік тәжірибелерінде пайдаланып, білікті маман даярлауға көмектеседі. Несиелік жүйе негізінде студент алдымен белгілі бір ғылым саласы бойынша жалпылама жоғары білім алады, содан кейін нарық сұранымына қарай нақты мамандықты меңгеруге мүмкіндік туады. Оқытушылардан замануи әдістемелер мен технологияларды ұтымды қолданып, кәсіби біліктіліктерін одан әрі жетілдіруді көздейді.

**Мақаланың өзектілігі.** Мақала тақырыбының өзектілігі бүгінгі қоғамда студенттердің бойында отансүйгіштік, толеранттылық қасиеттерді қалыптастыру болып табылады. Отаншылдық сезім ертеден қалыптасқан, қасиетті ұғым. Отаншылдық, адамның Отанына, туған елі мен жеріне, тіліне, салт-дәстүріне, мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі. Отанға деген сүйіспеншілік, адамның өз Отанына деген адалдықпен берілгендік сезімін қалыптастыру, туып өскен жерін, ана тілін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеуі. Мақалада патриотизм біртіндеп қалыптасатын, үздіксіз тәрбиенің нәтижесінде орнығатын ұлы сезім ретінде қарастырылады.

**Мақаланың мақсаты мен міндеттері.** Болашақ ұрпақты жалпы адамзат құндылықтарын қастерлеуге, ұлттық мақтаныш сезімдерді сіңірудің маңызы зор. Жастар бойына жоғары азаматтық ізгі қасиеттерді, елжандылық сезімдерін қалыптастыруда жалпы жоғары оқу орындарында еліміздің тарихын, тілін, мемлекеттік рәміздерін, салт - дәстүрін оқып үйренудің орны ерекше. Осындай маңызды міндеттердің бірі – Қазақстанның келешегінің басты кепілі саналатын – жастар бойында азаматтылық пен елжандылық және толеранттылық сезімін тәрбиелеу болып табылады.

-ежелгі дәуірден бүгінге дейін Қазақстан аумағында адамзат тарихын тұтас және толық күйінде оқып үйрету; әлем туралы біртұтас ғылыми көзқарасын қалыптастыру;

-білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, алған тарихи білімін өзінің өмірлік тәжірибесінде пайдалану біліктілігін қалыптастыру, оларды өздігінше тарихи көздерден, деректерден ала білуге, фактілер, құбылыстар, оқиғаларды бағалап, сараптау, талдау қабілетін дамыту, себеп-салдарлық, байланыстарды ашып көрсету дағдыларын қалыптастыру;

-студенттерді азаматтылық пен елжандылыққа тәрбиелеу, ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді, адам құқығы мен демократиялық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;

- белсенді азаматтық ұстанымы бар, өз халқының алдында жауапкершілігі мол жас ұрпақ тәрбиелеу; кәсіби мамандықты саналы түрде тандауға, меңгеруге көмектесу;

**Материалдар мен әдістемелері.** Бұл тақырыпқа қатысты бірқатар зерттеулер жүргізілген және әлі де зерттелуде. Белгілі қоғам қайраткерлері, тарихшы ғалымдар, жазушылар Қ.Сәтбаев, Б.Момышұлы, Е.Бекмаханов, М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, А.Сейдімбек және басқа ғалымдар азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы қалыптастыру, отаншылдықтың ұлттық мәнін еңбектерінде насихаттады. Білім беруді ұлттық педагогика аясында зерттеген ғалымдар Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, Р.К. Төлеубекова, Ж.Наурызбай, Р.А.Жанабаева, С.Иманбаева, Д.Құсайынова, Қ.Ә. Ибрагимов және басқа зерттеушілер аталған проблеманың педагогикалық аспекті-лерін зерделеген.

Отансүйгіштік сезім мен ұлтаралық келісім еліміздің қалыптасу тарихында басты күш болып табылады. Сондықтан әлемде бәсекеге қабілетті болу үшін ұлтаралық қатынас пен халықтар бірлігі біз үшін ерекше маңызды.

Қазақ халқының патриоттық тәрбиесінің тамыры терең. Отаншылдық сезім ертеден қалыптасқан ұғым. Патриотизм-Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерін, қасиетті ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеу. Патриотизм біртіндеп қалыптасатын, үздіксіз тәрбиенің нәтижесінде орнығатын сезім.

Қазақ ұлттық энциклопедиясында: «Патриотизм-Отаншылдық, отансүйгіштік, адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүріне, мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі», -деп анықтама берілген[1].

Ғалымдар еңбектерінде, патриотизмнің мазмұнына мыналар қамтылған: адамның туып-өскен жеріне сүйіспеншілік сезімі, ана тілін құрметтеуі, Отан мүдделеріне қамқорлық жасау, Отанға адалдықты сақтау, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау т.с.с.

Ғылыми еңбектерде «ұлтжандылық», «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына әр қырынан анықтамалар берілген. Осы еңбектерде:

-ұлтжандылық-өз ұлтының тілін, ділін, дәстүрін сүюдің белгісі [1,224].

-ұлттық патриотизм-өзінің туып өскен жеріне сүйіспеншілігі, өз ұлтының ынтымақ бірлігі, мәдениеті, тілі, салт-дәстүрі;

- қазақстандық патриотизм-республикада мекендейтін барлық ұлт пен ұлыс өкілдерінің—«Менің отаным-Қазақстанға» деген шынайы сүйіспеншілік, оған адалдық, оның тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау, гүлденуіне үлес қосу, т.б. [3; 4;5;6; 7].

Шапқыншылық кезде сақтар, сарматтар мен ғұндар жауға қарсы жорыққа даяр, лезде қылыш-найзамен қаруланған жауынгерлер болатын. Сақтар «желдей жүйрік атты көшпелі» халық болған. Ел басына күн туғанда сақ, сармат, ғұн тайпаларының көсемдері, қазақтың атақты хандары мен билері, батырлары, ұлт-азаттық қозғалыстың қолбасшылары, ақын-жыраулары: Томирис, Шырақтан бастау алған ерліктерді жалғастырған Абылай хан, С.Датов, К.Қасымов, Исатай мен Махамбет өз елінің азаттығы мен бостандығы үшін күрескерлердің тамаша үлгілері. Бұқар, Ақтамберді жыраулар адамның елі үшін мақтаныш сезімін дәріптеп, Отанның мүдделерін қорғауға жас ұрпақ әрдайым дайын болуға шақырды.

Ұлы Отан соғысы жылдары 500 қазақстандық Совет Одағының батыры болса соның 101 қазақтардың үлесіне тиеді. Қан майданда, қырғын шайқаста қаһармандықпен қаза тапқан Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Т.Тоқтаров, Н.Әбдіров, С.Таймағамбетов секілді көптеген ұл-

қыздарымыздың шексіз батырлығы мен ержүректілігі қазақстандықтардың жадында мәңгі сақталып қалады.

Москваны қорғаушылар қаһармандық ерлік көрсетті. Москва түбіндегі шайқаста Қызыл армия гитлерлік басқыншыларды талқандап, тұңғыш рет жеңіске жетті. Бұл жеңісте қазақстандықтардың үлесі зор болды.

Москва түбіндегі шайқаста Алматыда жасақталған 316 (8гвардия) атқыштар дивизиясының 28 панфиловшы-батырларының өшпес ерлігі қаһармандықтың үлгісі болды.

1941 жылы аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Москва түбіндегі батальонды басқарды. Бауыржан Момышұлы (1910-1982) - Батыр-Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы, белгілі жазушы. Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, жазушы.

Ұлы Отан соғысы жылдары Бауыржан Момышұлы 316 атқыштар дивизиясының құрамында батальон, полк командирі қызметін атқарды. Соғыстың соңында гвардиялық дивизияны басқарды [1].

Батыр, гв. Полковнигінің 1944 жылғы 15-25 ақпан аралығында Алматыда жазған хатынан үзінді. «... Ана тілін сүймегендік, білмегендік, ұлт сезімін жоя отырып, ұлт безерлік тудырады.

Осы кезде үкімет қызметіндегі азаматтардың арасында ылғи орысша сөйлеп, жазып, баяндама істеу әдет болып, әуеске айналып кетуіне тыйым салынса-жұртшылығымызға үлкен абырой болар еді, өсудің, дамудың барлық жағында бір кілтінә ие болған болар едік.

Мен әскери адаммын-тіл мәселесі туралы араласарлық жөнім жоқ сияқты, бірақ та, айтылған мәселелер халқымыздың мінез-құлқын тәрбиелеу, салт-сана, ел намысы, ер намысына, адамгершілік арына, мұра-дәстүріне ерекше байланысты болғандықтан, көріп, біліп, сезіп тұра айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отырмын», - деп батыр ағамыз сонау өткен 1944 жылы Қазақстан Компартиясына хат жазған екен.

Батыр Ұлы Отан соғысы тұсында жеке басының қаһармандығымен және ұрыс жүргізуден әскери шеберлігімен ерекше көзге түсті, оның атақ-даңқы алысқа тарады.

Б. Момышұлы соғысты полковник шенінде, 9-гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып жүріп аяқтады. Оған соғыс аяқталғаннан 45 жылдан кейін ғана, 1990 жылы 11-желтоқсанда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді [7; 8]

Ұлы Отан соғысы жылдары кеңес жауынгерлері теңдесі жоқ ерліктің, батырлықтың және қажырлықтың өнегесін көрсетіп тарихқа мәңгі енді.

Қазақстан соғыс жылдарында майданды шикізатпен қамтамасыз ететін басты әскери өнеркәсіп базасы болды. Өнеркәсіп орындарында, ауыл шаруашылығында жұмысшылар майдан қажеті үшін аянбай еңбек етті. Ы. Жақаев, Ш. Берсиев, Ким Ман Сан есімдері соғыс жылдары танымал болды. Ғылым мен мәдениет, өнер адамдары да майданға жұмыс жасады. Майдан қажетіне байланысты сирек металды зерттеу жұмыстарында академик Қ. И. Сәтбаев үлкен үлес қосты.

Бұның барлығы еліміздің дербес егеменді, тәуелсіз ел болу жолында жасалған керемет қаһармандықтың куәгерлері.

Отан адамның бойында патриоттық сезімді туғызудың басты шарты болып табылады. Ғасырлар бойы отансүйгіштік сезімнің үлгілерін халқымыздың тарихы дәлелдеп берді.

Патриоттық сезімнің қайнар көзі отан деп ұқсақ, оның мазмұны-туған жер, табиғат оның байлықтары, тіл, салт-дәстүр, тарихи-мәдени ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша, киелі орындар. Бұндай құндылықтардың мазмұны әр бір азаматтың жүрегіне жылулық, адамгершілік, адалдық, туысқандық, мақтаныш сезімдерін дамытып ерлік істердің қайнар көзіне айналуына себін тигізбек. Осы орайда, белгілі жазушы Шерхан Мұртазаның: «Парижде болдым-Париж түсіме кірмеді. Мысырда болдым-Мысыр түсіме кірмеді. Қытай, Моңғолстан, Үндістан, Пәкстан, Иран бардым. Мұхиттың арғы бетінде Техаста, Чикагода, Нью Йоркте болдым-олар да түсіме кірмеді. Баяғыда Мәскеуде бес жыл оқыдым-оны да түсімде көрмедім. Түсімде ылғи балалық шағымды көремін. Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағалыны көремін...», - деп айтқанын есімізге түсірмеске болмас. Елімізде кемелдіктің тұтқасын ұстайтын білімді де білікті, іскер, қоғам ісіне белсене қатыса-тын, оның болашағына жауапты, елжанды ұрпақ тәрбиелеу маңызды.

Қазіргі уақытта қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу ісі мемлекеттік идеологияның темірқазығына айналуының өзі бекер емес. Қоғамның әр бір саналы азаматы өзін мемлекетінің өткеніне, бүгінгіне және келешегіне тікелей қатысын сезініп, Отанымыздың күш-қуатын нығайтуға, оның өркениет жолымен алға жылжуына жауапты екенін сезінуі тиіс.

Қазақстанда тұратын адамдар еліміздің негізгі байлығы. Кең-байтақ Қазақстан жерінде 18 миллионнан аса адам тұрады. Республикамыздың басты жетістігі мен мақтанышы-этносаралық

келісім мен түсінікті сақтай білуі. 140 этнос пен 46 конфессияға ортақ үй болып отырған Қазақстандағы этносаралық келісім болып табылады.

Бүгінгі таңда республикада қоғамдық келісім мен тұрақтылықты одан әрі нығайтудың маңызы ерекше. «*Бірыс алды ынтымақ*», «*Бірлік бар жерде тірлік бар*» дейтін халқымыз үшін республика тұрғындарының тату-тәтті тіршілігі тәуелсіздіктің басты жетістіктерінің бірі.

Балабақша, орта мектепте және жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын терең де жетік оқып үйренуіміз-заман талабы. Қазақстанда ұлтаралық қатынас тарихи және геосаяси жағдайларға байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтсақ, Қазақстанға көптеген халықтардың өз ата-баба қонысынан еріксіз депортациялануы, кеңес кезеңінде индустрияландыру, Ұлы Отан соғысы жылдары, тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңдерінде қандай себептермен келді, оның тарихи және саяси мәнін анық, еш бұрмалаусыз түсіндіру, ұлттық дәстүрлерді құрметтеу, әр халықтың ерекшеліктерін ашып көрсету аса өзекті мәселе. Мысалы, Қазақ жері соғыс жылдары елімізге күшпен көшірілген көптеген халықтарға пана болды. Қазақ халқы оларды туған бауырындай құшақ жая қарсы алып, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықтың үлгісін танытты. Қазақстан олардың барлығына дерлік екінші Отанға айналды. Ұлттар мен ұлыстардың Отанына айналып отырған Қазақстан үшін елжандылық, ұлтаралық достық қатынас, өзара түсіністік сияқты мәңгілік құндылықтар ел бірлігінің негізі болып табылады.

Елімізде кемелдіктің тұтқасын ұстайтын білімді де білікті, іскер, қоғам ісіне белсене қатысатын, оның болашағына жауапты, елжанды ұрпақ тәрбиелеу маңызды.

Жас ұрпақтың бойында жоғары патриоттық сананы қалыптастыру, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышын орындауға деген дайындығын тәрбиелеуде Қазақстан тарихын оқып үйренудің маңызы зор.

Білім беру жүйесінде Қазақстан тарихын оқыту Қазақстан жерін көне заманнан бүгінге дейін мекендеп келген халықтың, адамзаттың жүріп өткен тарихи жолын, тарихи білімдер негізін игеруге, оқушыларды азаматтылық пен елжандылыққа тәрбиелеуге, өз халқының және басқа халықтардың тарихын, мәдениетін құрметтеуге және жеке тұлғаның қалыптасып дамуына септігін тигізеді.

1995 жылы 16 қарашада ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы Толеранттылық қағидаттары туралы декларация қабылдады. 1996 жылды ЮНЕСКО Толеранттылық жылы деп жариялады. Декларацияда білім беру саласында толеранттылық идеясын насихаттауға басымдық берілді. Бірқатар ТМД елдері, соның ішінде еліміздің оқу орындарында толеранттылық тәрбие бағдарламаларын енгізді.

«Толеранттылық принциптері декларациясында» келесі анықтама ұсынылады: «Толеранттылық – әлемнің өте бай мәдени көптектілігін, біздің даралығымызды көрсету тәсілдерін құрметтеу, қабылдау және түсіну. Оған ашықтық, білімділік, қарым-қатынас, ой, ар-ұят еркіндігі әсер етеді. Толеранттылық – бұл біреуге орын беру, мойынсұну емес». Ғылыми еңбектерде «*толеранттылық (лат. *tolerantia* — төзімділік, шыдам) — басқа көзқарасқа, наным-сенімге, әдет-ғұрыпқа, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті*»-делінген [10; 11; 12].

Қазақ тілінде: төзімділік, шыдамдылық, сабырлық, ізгілік, келісімін табу сөзімен байланыстырады. Ғалымдардың толеранттылық ұғымын саралау барысындағы басты тұжырымы: «өзгеге түсінікпен қарау, басқа саяси көзқарастағы адамдардың пікіріне шыдамдылық, олардың ой-пікірін сыйлау, түрлі көзқарастағы теорияларға, пікірлерге төзімділік таныту, ашусыз, қысымсыз басқара білу біліктілігі, білім алушылардың әртүрлі мінез-құлықтық ерекшеліктеріне шыдамдылық таныту, олардың кемшіліктері мен қателіктерін түсіну, кешіре білу»,- дегенге келеді [10; 11; 12].

Толеранттылық адамдар арасында өзара сыйластықты, түсіністікті білдіреді. «Төзімсіздіктің алдын алудың тиімді құралы – тәрбие» [12]. (Төзімділік қағидаттары декларациясы. Париж, 1995. 7–10-б.)

Білім беру мазмұны адамдардың нәсілі мен ұлтынан, мәдени және конфессиональдық белгілерінен тәуелсіз олардың арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа, тұлғаның жалпы адамзаттық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Жеке тұлғада толеранттылықты қалыптастыруда отбасы, оқу орындары, еңбек ұжымы, БАҚ және мемлекеттің орны зор. Елімізде кемелдіктің тұтқасын ұстайтын білімді, білікті, қоғам ісіне белсене қатысатын, оның болашағына жауапты, елжанды, толерантты ұрпақ тәрбиелеу маңызды. Қазіргі заманда білім беру үрдісінің жанаруы жүзеге асуда, ол болашақ мамандарды дайындауға, жастардың жауапкершілігін арттыруға, өзге адамдармен, әлеммен үйлесімді қатынас құруға үйретеді.

Жас өскелең ұрпақ бойында ұлтаралық келісім сезімдерді сіңіруде, өз ұлтының құндылықтарын меңгертуде жоғары оқу орындарында сапалы бәсекеге қабілетті білім беру мен оқыту процесінің инновациялық дамуына жол ашудың орны ерекше.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақстандағы ең алғашқы жоғары оқу орны. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тарих және құқық институтында студенттер «Қазақстан тарихы», «Әлем тарихы», «Тарихнама», «Дінтану негіздері» және басқа курстарды оқып үйренеді.

Аталмыш курстардың мазмұнымен таныстыру арқылы, студенттерге елінің жарқын болашағы үшін адал еңбек ету, жақсы оқу еліміздің әрбір азаматының басты мақсаты екенін түсіндіруімізге мүмкіндік туады. Отанымыздың күш-қуатын нығайту, еліміздің қазіргі жетістіктерін одан әрі арттыру бүгінгі жастар үлесінде екені басты назарда. Жас ұрпақты тәрбиелеуде білім беру ісінің инновациялық дамуына көңіл аударылады. Бұның өзі оқытудың белсенді әдістері мен заманауи технологияны оқу үрдісінде кеңінен қолдануға жағдай жасайды, жаңаша оқыта алатын білімдер ұстаздарды қажет етеді. Олай болса, болашақ кәсіби деңгейі жоғары педагог мамандар даярлауда студент-жастарға патриотизм, толеранттылықтың негізгі қағидаттары, мазмұны, құрылымы мен маңызымен жан-жақты таныстыру, қоғамның білім беруге қойылатын жаңа талаптарын түсінуге септігін тигізеді. Осы орайда, аталған курстардың қыр-сырын терең меңгеру, алған білімдерін күнделікті өмір тәжірибесінде пайдалана білудің маңызы зор.

Студенттер курс мазмұнымен танысу арқылы ұлт аралық келісімді сақтау мемлекет саясатының негізгі принципі екенін ұғынады, басқа адамдардың ұлтына, діни сеніміне қарамастан жағымды қарым-қатынас жасау қажеттігін; әр түрлі этностардың және мәдениет өкілдерімен сенімді араласудың маңыздылығын; өзге халықтардың мәдениетіне құрмет көрсету, сыйластық, түсіністік, төзімділік, қасиеттерін тәрбиелеуге ықпал жасайды.

Тәуелсіз Қазақстанның өркендеп дамуы бүгінгі күннің жастарына байланысты. Сондықтан студенттер тәуелсіздіктің маңызын, татулық пен келісімге қол жеткізу адамдар, халықтар үшін аса қажеттілігін, өзгеге төзушілікпен қарау – ынтымақтастық пен жалпыадамзаттық қарым-қатынасты сақтаудың мәнін терең түсініп, жүрегімен сезінуі қажет.

**Зерттеулер мен талдаулар.** ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы Толеранттылық қағидаттары туралы Декларацияда білім беру саласында толеранттылық идеясын насихаттауға басымдық берілді. «Толеранттылық принциптері декларациясында» келесі анықтама ұсынылады: «Толеранттылық – әлемнің өте бай мәдени көптектілігін, біздің даралығымызды көрсету тәсілдерін құрметтеу... Толеранттылық адамдар арасында өзара сыйластықты, түсіністікті білдіреді. «Төзімсіздіктің алдын алудың тиімді құралы – тәрбие» [5].

Ғылыми еңбектерде «*толеранттылық* (*lat. tolerantia* — төзімділік, шыдам) — басқа көзқарасқа, наным-сенімге, әдет-ғұрыпқа, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті»-делінген [6; 7; 8].

Қазақ тілінде: төзімділік, шыдамдылық, сабырлылық, ізгілік, келісімін табу сөзімен байланыстырады.

Ғалымдардың толеранттылық ұғымын саралау барысындағы басты тұжырымы: «өзгеге түсінікпен қарау, басқа саяси көзқарастағы адамдардың пікіріне шыдамдылық, олардың ой-пікірін сыйлау, түрлі көзқарастағы теорияларға, пікірлерге төзімділік таныту, ашусыз, қысымсыз басқара білу біліктілігі, білім алушылардың әртүрлі мінез – құлықтық ерекшеліктеріне шыдамдылық таныту, олардың кемшіліктері мен қателіктерін түсіну, кешіре білу»,-дегенге келеді [6; 7; 8]. Жеке тұлғада толеранттылықты қалыптастыруда отбасы, оқу орындары, еңбек ұжымы және мемлекеттің орны зор.

**Зерттеулер нәтижелері.** Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тарих және құқық институтында студенттер «Қазақстан тарихы», «Әлем тарихы», «Тарихнама», «Дінтану негіздері» және басқа курстарды оқып үйренеді.

Аталмыш курстардың мазмұнын терең меңгеру, студент-жастарға ұлтжандылық, толеранттылықтың негізгі қағидаттары, мазмұны, құрылымы мен маңызымен жан-жақты таныстыру, қоғамның білім беруге қойылатын жаңа талаптарын түсінуге ықпал етеді. Студенттер курс мазмұнымен танысу арқылы ұлт аралық келісімді сақтау мемлекет саясатының негізгі принципі екенін ұғынады, басқа адамдардың ұлтына, діни сеніміне қарамастан жағымды қарым-қатынас жасау қажеттігін; әр түрлі этностардың және мәдениет өкілдерімен сенімді араласудың маңыздылығын; өзге халықтардың мәдениетіне құрмет көрсету, сыйластық, түсіністік, төзімділік, қасиеттерін тәрбиелеуге басты назар аударылады.

**Қорытынды.** Тәуелсіз Қазақстанның өркендеп дамуы бүгінгі күннің жастарына байланысты. Сондықтан студенттер тәуелсіздіктің маңызын, татулық пен келісімге қол жеткізу адамдар,

халықтар үшін аса қажеттілігін, өзгеге төзушілікпен қарау – ынтымақтастық пен жалпыадамзаттық қарым-қатынасты сақтаудың мәнін терең түсініп, жүрегімен сезінуі қажет.

«Қазақстан тарихы», «Әлем тарихы», «Тарихнама» және «Дінтану негіздері» пәндерін оқып үйрену барысында адамзат жинаған құндылықтар, рухани және адамгершілік тәжірибелер туралы материалдар білім алушыларды елжандылыққа, адамгершілікке, толераттылыққа тәрбиелеуге, шығармашылығын дамытуға үлес қосады.

«Қазақстан тарихы», «Әлем тарихы», «Тарихнама» және «Дінтану негіздері» пәндерін оқып үйрену барысында адамзат жинаған құндылықтар, рухани және адамгершілік тәжірибелер туралы материалдар білім алушыларды елжандылыққа, адамгершілікке, толераттылыққа тәрбиелеуге, шығармашылығын дамытуға үлес қосады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1.Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы.-Алматы, Каз.энц., 2001.
- 2.Сарсенбаев Б.Б. Қазақстанда патриоттық тәрбие берудің теориялық концепциясы. (Рухани ғылыми мұра. Республикалық ғылыми- теориялық конференция материалдары, 7 қараша 2008 жыл).- Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2008.-Б.530-535.
- 3.Изотов М. Проблемы патриотического воспитания народа в процессе формирования общеказахстанской национальной идеи. –Алматы, 2006.
- 4.Құсайынов А. Қазақстандағы патриоттық тәрбие беру идеологиясы мен мәні \ \ Білім және реформа. -Алматы, 2003.
- 5.Жанабаева Р.А. Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері. 13.00.01.- Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, Этнопедагогика. Пед.ғыл.док.дисс. – Алматы., 2004. 290 б.
- 6.«Ел мен Ердің жеңісі» /Публистикалық мақалалар, очерктер, естеліктер. Құрастырған М.Кеңбейісов. - Алматы, Қазақстан, 1985.Б. 30.
7. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Шығармалар. – Алматы, «Жазушы», 1975. – 384 б.;Момышұлы Б. «Ел басына күн туса». – Алматы, «Қазақстан», 1970. – 320 б.;
- 8.Нұршайқов Ә. Ақиқат пен аңыз. Роман – диалог. 2 басылым, Алматы, «Жазушы», 1978. – 360 б.
9. Лекторский В.А. О толерантности, плюрализме и критицизме // Вопросы философии. - 1997. - №11.- С.46-54.
10. Тишков В.А. О толерантности / Толерантность и согласие. - М., 1997. -С.19.
- 11.Дариябеков Д.С.Діни толеранттылық диалогтық кеңістікті қалыптастырудағы рөлі.Алматы.,2015
- 12.Төзімділік қағидаттары декларациясы.- Париж, 1995. 7–10-б.

#### *References:*

- 1.Qazaqstan Ulttyq entsiklopeduasy.-Almaty, Kaz.ents., 2001.
- 2.Sarsenbaev B.B. Qazaqstanda patriottyq tárbie berýdiń teorualyq kontseptsuasy. (Rýhani ғылыми мұра. Respýblikalyq ғылыми- теорualyq konferentsua materialdary, 7 qarasha 2008 jyl).- Almaty: Abai at. QazUPÝ, 2008.-B.530-535.
- 3.Izotov M. Problemy patrioticheskogo vospitanua naroda v protsesse formirovanua obekazahstanskoi natsionalnoi idei. –Almaty, 2006.
- 4.Qusayynov A. Qazaqstandaғы patriottyq tárbie berý ideologuasy men máni \ \ Bilim jáne reforma. - Almaty, 2003.
- 5.Janabaeva R.A. Qazaq halyq pedagogikasyndaғы patriottyq erlik tárbiesiniń ғылыми negizderi. 13.00.01.- Jalpy pedagogika, pedagogika jáne bilim tarihy, Etnopedagogika. Ped.ғыл.dok.diss. – Almaty., 2004. 290 b.
- 6.«El men Erdiń jeńisi» /Pýblistikalyq maqalalar, ocherkter, estelikter. Qurastyrgan M.Keńbeisov. - Almaty, Qazaqstan, 1985.B. 30.
7. Momyshuly B. Ushqan uia. Shyǵarmalar. – Almaty, «Jazyshy», 1975. – 384 b.;Momyshuly B. «El basyna kún tysa». – Almaty, «Qazaqstan», 1970. – 320 b.;
- 8.Nurshaiqov Á. Ahiqat pen aңыз. Roman – dialog. 2 basylym, Almaty, «Jazyshy», 1978. – 360 b.
9. Lektorski V.A. O tolerantnosti, plýralizme i krititsizme // Voprosy filosofii. - 1997. - №11.- S.46-54.
10. Tishkov V.A. O tolerantnosti / Tolerantnost i soglasie. - M., 1997. -S.19.
- 11.Dariubekov D.S.Dini toleranttylyq dialogtyq keńistikti qalyptastyrydaғы róli.Almatty.,2015
- 12.Tózimdilik qaǵidattary deklaratsuasyy.- Parij, 1995. 7–10-b.